

НҰРСАДЫҚ САРҒОЖАЕВ

**ЖҮГЕРІ ӨСІРУДІҢ
ЖҮЛДЕГЕРІ**



**АЛМАТЫ — 1980
«ҚАЙНАР» БАСПАСЫ**

Каз -2
С -22

Н. Сарғожаев.
С -22 Жүгері өсірудің жұлдегері. Алматы, «Кайнар»,
1980 -бет

Алматы облысы, Етбекшіказак ауданының қарасты Аспеки айырым қоғамдастырылған жүгері наурушісі Ахмет Шамшадинов жүгері өсіруден бұрын-соңдығы болып көрсеткішке жетіп отыр.

Жүргізгіш Н. Сарғожаевтың бұл сабактағы дикейтінде үлкен сабак, үлкен табынғыка жету жолдары жал-жактың баяндалады. Кітап қолданы, сивоз басынан зарина, мамандардан жүгері наурушаларға арналған

С -40401 -115 54 - 80 3803030101
103(07) - 80

Каз -2

КІРІСПЕ

КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы март және 1978 жылғы июль Пленумдары ауыл шаруашылығын одан ері өркендетудің нақты жолдарын белгілеп берді.

Ауыл шаруашылығын өркендетуде қол жеткен табыстарымыз біріншіден, партияның аграрлық саясатының өміршіңдігі мен күшін аңғартса, екіншіден, оны жүзеге асыру жолындағы адамдарымыздың асқан жігерін көрсетеді.

Оныңшы бесжылдықтың беташар жылы, сондай-ақ; 1978 және 1979 жылдары миллиард пүттан астам астық тапсырылуы партияның осы аграрлық саясатын жүзеге асырудагы республика еңбеккерлерінің иgi қадамын дәлелдейді. Республикамызда бидай өндірумен қатар, жүгөріге де жете мән беріліп, одан да жоғары өнім алғыншыл жүр.

Алматы облысында ауыл шаруашылық дақылдарының түр-турін әсіресе, жүгөрі дақылын өсіруге барлық жағдай бар. Сондықтан да болар, мұнда оған үнемі көңіл бөлініп, жүгөріден мол өнім алуда рекорд жасаушылар саны да көбейе бастады. Егер бұдан он жыл бұрын «дала аруы» облыс бойынша 7300 гектарға орналасырылса, қазір 31 125 гектарға жеткізілді. Оныңшы бесжылдықтың соңына дейін оның көлемі 43 мың гектардан аспақ.

Агротехникалық талаптарды мұқият орындал, жүгөрі өсірудің прогрессіл әдістерін барынша қолданғанда жу-

гері плантациясынан мол өнім жиналатындығын және одан пайданың да көп алынатындығын озаттар тәжірибесі дәлелдеп отыр. Астаналық облыстың Еңбекшіқазақ ауданы егіншілерінің қол жеткен табыстары бұған айқын дәлел. Мұнда 1977—1978 жылдары орта есеппен әр гектардан 83—85 центнерден жүгери дәні жиналды. Әсіресе, осы аудандарды Ленин атындағы шаруашылық колхозшыларының жетістіктері ерекше көңіл аударапты.

Колхоз 1976 жылы 600 гектар жүгериңің әр гектарынан 102 центнерден дән жинап, 126 мың сом таза пайда келтірді. Ал 1977—78 жылдары плантацияның көлемі 2100 гектарға үлғайтылып, оның әр гектарынан 110,3—111 центнерден түсім алынды, таза пайда еселең артты. 1977 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша оларға КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туы берілді.

Осы колхоздың озат жүгери өсірушісі Ахмет Шамшадинов республика бойынша рекордтық көрсеткішке жетті. Ол 1978 жылы әр гектардан 147 центнерден жүгери дәнін жинады. Жүгеріден осындай мол өнім алып отырған шаруашылықтың, ондағы А. Шамшадинов секілді шамшырақтың тәжірибесіне терең үңілсек, бұл творчество-лық іздештік, озат тәжірибелі өндіріске кеңінен енгізу-дің, агротехникалық шаралардың барынша жүзеге асқан-дығының нәтижесі екенін айқын аңғаруға болады.

Ахметтің жүгери өсірудегі озат еңбегі «Правда», «Сельская жизнь» газеттерінде және республикалық баспасөздерде жарияланды. Ол туралы арнаулы плакат та шығарылды. Орталық теледидар программысы бойынша Москвадан да берілді. Енді міне кітап болып шығып отыр.

Бұл еңбекте жүгери өсірудің жүлдегері атанған А. Шамшадиновтың қол жеткен табыстары, оның еңбектес досстары туралы әңгімеленеді.

БАСТЫ БАҒЫТ

Торғызыншы бесжылдықтың аяғына дейін астаналық облыстың Ленин атындағы колхозы астық, темекі бау-бақшалық жеміс өсіру сияқты шаруашылықтың әр түрлі салаларымен шұғылданып келді. Бірақ колхоз экономикасы көтерілмеді, мемлекет алдында карыздар болды. Сөйтіп, шаруашылықка тиімді болатын бір салаға не-гізделу жағы ойластырылды.

Шаруашылықтың экономикасын көтеру мәселесі бас-шылдардан·бастап, карапайым колхозшыларды да толғандырды. Эркім әр түрлі пікір айтумен болды, бірақ көпке дейін бір корытындыра келе алмады.

Осы мәселе колхоздың арнаулы жиналышында да ке-пінен козғалды. Кайтсек колхоз шаруашылығын ілгері бастырып, дәүлетін арттырамыз деген көкейтесті мә-селе туындалды. Кейбіреулер мал шаруашылығына жете маңыз беріп, соны өрістету керек деген пікір айтса, енді біреулері өнімділігі төмен дақылдардың бәрін ығыс-тыру керек те, оның орнына бір саламен ғана айналысу қажет деген ұсыныс жасады. Осындай келелі мәселеге арналған колхозшылардың жиналышында Ахмет Шам-шадинов мінбете көтерілді. Ол өзін көлтен толғандырып жүрген ойын ортаға салды.

Ежелден жер анамен сырлас Ахмет колхоздың сан саласында енбек еткен. Темекі де өсірді, көрші «Көктөбе» совхозында болып жүзім шаруашылығымен де айналысты, одан кейін картопка, ен сонында жүгері егуге ауды-

қаш болатын. Ол өз сөзінде ауыл шаруашылығының осы саласына толық талдау жасап, жер жағдайына, ауа райына және су мәселесіне жан-жакты ой жүгіртіп, барлай келіп колхозда тек жүгері өсіру керек деп ұсыныс жасады. Әйткені жүгері — өте жұғымды мал азығы. Сондыктан да жүгері — сүт те, ет те бола алады деп бағалады. Бұған өзінің соңғы жылдардағы қол жеткен көрсеткішін арқау етті. Ахметтің көтерген бұл мәселесі кейбіреулерге қызықты көрінсе, қайсы біреулеріне ұнан-кырамады. Сөйтіп, колхозшылардың бас коскан бұл жиналысында пікір таласы барынша өрістеді. Шығып сөйлеген колхозшылардың көбісі Ахмет көтерген келелі мәселені колдағанымен, бірақ колхозшылар түйінді шешімге бірден келе алмады.

Бұл жиналыска аудандық партия комитетінен және аудандық ауыл шаруашылық басқармасынан да өкілдер катысады болатын. Олар да егжей-тегжейлі ойлап көрді. Колхозшылардың бұл лікірін сарапады.

Жиналыс ұзакқа созылды. Соңғы жылдары колхоз экономикасының тым төмендеп кетуін әркім ашы да болса ашып айтып, одан кайтсек күтыламыз деген түйінді мәселені қайталай түсті. Мінбеге бас агроном, бригадирлер және звено жетекшілері де көтерілді. Олар да жүгері өсірудің тиімді екенін талдай отырып құтады.

Көншілік арасынан енді толқу сезілді. Колхоз мамандары мен председателі де, аудан басшылары да мұны проблемалық мәселе деп тапты. Баска шаруашылық тұрларін коя тұрып, тек жүгері өсірумен айналысу үшін жер жағдайын реттеуді ойластырды. Ал проблемалық мәселе бірте-бірте өрістей түсті. Халық депутаттары аудандық Советі атқару комитетінің сессиясында арнайы моссле болып та қаралды. Оны көтерген аудандық Советтің депутаты Ахмет еді, ақыры арнайы күн тәртібіне енгізді. Бұдан кейін де аудан басшылары мен колхоз мамандары бірнеше рет бас косып, кеңінен кеңесті. Ақыры бәрі Ахметтің лікіріне косылды.

Аудандық партия комитетінде бюросы колхоз экономикасын арттыру жолындағы бұл ұснысты проблемалық мәселе деп тауып, колхоздың егістігі біртіндеп жүгері ғана өсіруге негізделсін деп қаулы алды.

Бұрынғы картол, темекі өсіру секілді жұмыстар енді тиылды, олардың орнына өнімділікі жоғары аталмыш дақыл етіле бастады. Бұл дақылды көнінен енгізу үшін егістік жерлердің ташылығы да мұқият ескерілді және жүгері өсірумен айналысатын тұракты звенолар ұйымдастырылып, оларды қажетті техникалармен қамтамасыз ету жағына баса көңіл бөлінді, ішкі резервтер ізлестіріле бастады. Колхозда жүгері өсіруге көшу бір жылда емес, біртіндеп жүзеге асырылды.

Өнімділікі төмен жеміс ағаштарын қыркып, олардың орнын тегістеді. Сонымен катар, тау етегіндегі көп жыл бойы игерілмей келе жатқан тастак өнірлерді де қолға алу қажет деп тапты. Бұл жерді пайдаланылмай жатқан ішкі резервтердің бірі деп, оны біртіндеп игерे бастады. Одан кейін борозда тартылды. Жыртылған жерден аударылып шықкан тастар қайта көбейді. Оны тағы да теруге тура келді. Эрине, бір жылда тастак жер тамамдалып, бірден игерілмегі де. Бірнеше жыл бойы қол күші жұмылдырылды.

Бұл өнірдің корым тасты болуымен катар, өзіндік табигат ерекшеліктері де бар. Кей жылдары тау етегі жауынсыз болмайды, ал енді бір жылдарда аспанда кою кара бұлт басса да бір тамшы тамбай кететін кездері және бар. Тастан өнір күн нұрына тез ысиды. Өте ылғалдылықты қажет етеді, сондыктан да тұракты су көрек. Су шығару екінші басты мәселе болды да бетондалған каналдар жүргізілді.

Егістік көлемін ұлғайту жөнінде шешім қабылданысымен дақылдарды іріктеу қолға алынды. Бұрыннан шарашылықта тыңдырымды ісімен көрініп журген білікті инжендер звено жетекшілігіне тағайындалып, сол звеноның накты күрамы белгіленген.

Бұл туралы колхоздың бас агрономы Иван Семенович Терсхин:

— Олардың көпшілігі бұрын да егіншілікпен айналысқанымен жүгері дақылының өз ерекшелігі бар. Сондыктан табысқа жетер жолдың бірі — сол дақылдың агротехникасын жете мекгеруді де алғашқы күннен колға алдық,— дейді.

Тәжірибе деген үзак уақыт бойы қалыптасатын нәрсе. Бұл шаруашылықтың жүгері өсірушілері де тәжірибені үйренуге ерекше мән берген. Жүгерішілердің көпшілігі аталмыш дақылды есіруді колға алмай тұрып, оның агротехникасы жайында біршама мәлімет алған-ды. Қыс кезінде Талдыкорған облысы, Панфилов ауданына Карагасты «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозына барып, ондағы озат жүгерішілерден ақыл-кесес алып, тәжірибелерін зерттеді. Осындағы оқып-үйренудің және арнаулы семинар өткізудің аркасында алғашқы жылы-ак тұқымды қашап себу керектігі, жерді қалай өндіу, арамшөппен курсудің жолдары, суару кезектері жайында олар кәнігі лиқандарша іскерлене түсті.

«Дала аруын» егуге кірісер алдында оның егістігіне жүгерішілерді апарып, жер тегістеу, топырак өндеу, тұқым себу тәсілдері іс жүзінде көрсетілді. Оған ауданың, облыстың жүгері өсіретін звено жетекшілері катысып, сұхбат өткізді. Сөйтіп, бірте-бірте тәжірибе жинақталды, озаттар саны көбейе түсті. Ал Шамшадиновтың басқаруындағы звеносы озат тәжірибе мектебіне айналды. Жүзеге асырылған осы шаралар өзінің нәтижесін берді. Тоғызының бесжылдықтың соңғы жылында гектарына жүз центнерлік көрсеткіштен асқан жағызы ғана Ахмет звеносы болса, кайра оның саны біртіндеп көбейіп келеді.

«Өрен жүйрік өрде озар» деген той. Жүз центнершілер жорығының бастаушысы А. Шамшадинов бұрынғы шыккан биігінде тұрып калмады. Одан да жоғары көтеріліп, өзі жасаған рекордың жыл сайын жаңартумен болды. Атап айтқанда 1976 жылы ол өздеріне бекітіліп

берілген алкаптың әр гектарынан 127 центнерден алтын дән алып, көш басынан көрінді. Сол жылы әр гектардан 122 центнерден айналдырган Камал Айвазов басқарған колектив екінші орынды иемденді. Үшінші орын, әр гектарынан 110 центнерден өнім жинаған Рустан Алиев, төртінші орын гектарынан 103,6 центнерден маржандай таза дән алған Бенали Хуршудов, бесінші орын гектар сайын жұз центнерден жүгері өндірген Абдул Сабиров басқаратын звеңоларга тиді.

Бұрын колхозшылар ауыл шаруашылық дақылдарының оншақты түрін өсіретін. Шаруашылық салаларын штогырландырып, жүгері мен күздік бидай өсіруге мамандандырудың нәтижесінде егіншілердің кәсіби шеберліктері артты. Қоңтеген шағын танаптардың біріктіріліп, тұтастырылуы техника қуатының өнімді де тиімді пайдаланылуына көң өріс ашты.

«Жылдар бар, жыл ішінде жылдан аскан» дегендег 1977 жылдың орны өзгелерден ерекше болды. XX гасырдың ұлы оқиғасы — Ұлы Октябрьдің 60 жылдығы тойланды. Өміріміздің негізгі заны — СССР-дің жаңа Конституциясы қабылданды. Осы екі үлкен оқиғаның тұспа-тұс келуі колхоз жүгерішілері арасында да еңбек өрлеуінің жана толқынын туғызды. Даңқты даталарды лайыкты табыстармен карсы алу жолындағы жарыс жалынының өмірге небір соны бастамаларды әкелді. Соның бірі Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мақұлдаған Алматы және Талдықорған облыстарының бір тоғ жүгері звено жетекшілерінің республикадағы барлық жүгері өсірушілерге деген үндеуі. Оған жеті еңбек өрені кол қойған. Соның екеуі — Ахмет Шамшадинов пен Камал Айвазов, бұлар осы Ленин атындағы колхоздың майталмандары. Біріншісі «дала аруының» әр гектарынан 130 центнерден, екіншісі 125 центнерден өнім алуға міндеттенген-ді.

Итің істі бастау羞 болса, оны ыңғай әкететін костаушылар көп қой. Осы үндеуді талқылау коллектив ара-

сында соны серпіліс, тың екпін тудырған. Колхоз бойынша бұрын қабылданған міндеттеме қайта қаралып, елеулі өзгерістер енгізілді. Мерейлі де мерекелі жылда дәндік жүгершін егіс көлемін үш жарым есе ұлғайтып, 2100 гектарга жеткізу көзделді. Оның әр гектарының өнімін молайтып, колхоз бойынша жоспардагы 45 центнер орнына 110 центнер құргак дән жинау үйіралды. «Үәде беру бір срлік, оны орындау мын ерлік» дегендегер берген серт, айткан уәдені абыраймен орындал, торкалы тойға мол тартумен баруға жүгершілерді де жаппай жұмылдыру колға алынды. Олардың тау сұндарай тасқын күшлен сібек еткендігі, ісінің ілгері басуына деген шынайы ынта-ықыласы бір арпада — астық молшылығын жасау жолындағы жорықта тоғысуы табыстың тай казанын тасытып, жоғары көрсеткішке жеткізді. Күні кешегі майдай алды озаттардың көрсеткішінен колхоз бойынша алған өнім асып түсті. Шаруашылықтағы дәндік жүгері өсіретін он звено гектарына 110 центнерден артық өнім жинап, еңбектерімен елді риза етті.

«Шын жүйрік өрге шапса өршеленер» деген нақыл Ахмет Шамшадиновке арналып айтылғандай. 1977 жылы ол басқаратын звено 170 гектарға жүгері өсірді. Сонын әр гектарынан 143,6 центнерден құргак дән алынды. Сейтіл, республика бойынша жаңа рекорд жасады.

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Казакстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Конев жолдастың Ахметтің жүгері плантациясында болып, звеноның жұмысымен танысуы жүгершілерді еңбекке шабыттандырып жігерлендіре түсті. Д. А. Конев жолдастың ақыл-кенесі, иғі ұсыныстілегі жүгері өсірушілердің жаңа табыстарға жетуіне ықнада етті.

Социалистік жарыс пен қызған еңбек майданы өмірге жаңа өрендерді оқелді. Соның бірі Айдын Мамлаев. Ол Ахметтің озат тәжірибесінен үйреніп, дикан жолына үлгі алушылардың бірі болды.

Айдын комсомол-жастар звеносының жетекшісі. Оның карамағына тәпсе темір үзетін қайратты, жалынды жігіттер берілген. Ол басқаратын комсомол-жастар звеносы да екпінді сөбек етті. Бабы келсе «дала аруы» төккен терді еш зая кетірмейтін дақыл ғой. Эр гектардан 136,9 центнерден түсім айналдырыл, екінші орынға шыкты. Изо Мурадов та жарқырап шыккан жаңа шамшырак. Оның көрсеткіші Айдындікінен сәл ғана төмендеу. 1976 жылы Бенали Хуршудов басқаратын звенода сушы болып сөбек етіп, гектар сайын 135 центнерден дән айналдырыл, өз үлесін коскан-ды. Бір жылдан кейін өз алдына отау тігіп, бөлек шыккан еді. Алғашқы адымының өзі-ак келешегінен үлкен үміт күттіретін майталман жүгеріші екенін бірден байқатты. Бұған олардың гектар сайын 135 центнерден күрек дән айналдыргандарын айтсақ та жетіп жатыр. Озаттар катарының жылдан-жылға еселең көбеюі, шаруашылық экономикасының шарыктап өсуіне иғі әсерін тигізді. Бұдан бұрын колхоз жыл сайын 3,5—4 миллион сомның өнімін өндіретін еді. Мерекелі жылда оны 7,2 миллион сомнан асырды.

Сөйтін, Ленин атындағы колхоз мемлекетке көп астық талсыратын ірі де іргелі шаруашылықка айналды. Облыстың күллі шаруашылығы оныншы бесжылдықтың бірінші жылында 5,2 мың гектарға жүгері егіп, одан барлығы 15,8 мың тоннаға жуық астық өндірген еді. Ал Ленин атындағы колхоз 1976 жылы Отан коймасына 6627 тонна астық құйып, жоспарын 174 процент орындаған. Жалпы талсырылған астықтың 4361 тоннасы жүгері дәні. Яғни жүгеріден бес жоспар орындаған болатын. Ал 1977 жылғы мемлекетке өткізгені 15 мың тоннаға жетті. Осының өзі-ак шаруашылықтың жыл сайын табыстан табыска жетіп отырғандығын далелдейді.

Ең түсімді деген суармалы күздік бидайдың бір гектарынан алғынған өнім 25 центнерден аспайды. Ал, жүгерінің түсімі алғашқы жылдың өзінде-ак одан екі есе асып түсіп отырды. Сонда кайсысы пайдалы? Оның үс-

тінс жүгері паясының мал азығына жұмсалатыны және бар. Колхоз дикандары алғашқы жылда тәжірибесіздіктен біраз жайды ескермегендіктерін де анғарған. Соның өзінде бұрынғыдан екі есе артық өнім алған, бұл дақылдық келешегінің қандай екенін олар жаксы түсініп, егіс көлемін одан әрі үлғайту қажеттігін ойластырыды.

Иә, бұл үлкен бет бұрыс, табыстың жаңа арнасының көзі ашылған кез сіді. Ленин атындағы колхоздың дикандары оныны бесжылдыққа осындағы арнаның көзін аша аяқ басты.

Ахмет кеше ғана басқалармен бірге жер беліп алған, жүгері агротехникасы жайындағы әңгімені әріптестерімен бірге тыңдаған болатын. Оған ала бөтен жағдай да жасалған жоқ.

— Мен мамандар белгілеген шараларды мұлтіксіз орындауға тырыстым, мұнда басқадай үлкен сыр жоқ, шындал қолға алсандар Камал сенін де, Рустан сепің де, Изо сенің де, барлықтарыңың да қолдарыңнан келетін іс. Ал кейбір көмескі жайларды сұрагандай болсандар мен дайын,— деді Ахмет жолдастарына.

Жан-жакты ойластырылған істе пікірдің барлығы бір жерден шығып жататыны бар той. Колхоз басқармасы да, партия үйімі да осы А. Шамшадинов басқаратын звено мүшелері қол жеткен көрсеткішті межеге алды.

Шаруашылықтың егістік жері шектеулі ғана. Сол аз жерден барынша мол өнім алу қажет. Ол үшін бар мүмкіндікті қолдан жібермей еңбектенген жөн.

Ең алдымен кадрларды іріктең, оларға барлық жағдай жасау қажет, деп талты.

Міне, арага біраз уақыт салып барып қарағанда, осы пікірдің дұрыстығына көз жетіп отыр. Еңбек ресурстарын іздестіріп жүгері өсіретін звеноларды материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етудің жан-жакты ойластырылуы арқасында көрсеткіш те жоғарылады, жұмыс барысындағы түрлі қыншылықтарды жеңуге де мүмкіндік туды.

Колхоз басқармасымен бірге партия үйімі да ең алдымен жүгері өсірушілерді іріктеуге баса көніл бөлді. Шаруашылықта құрылған барлық звеноларды бірдей жағдайға койып, оларға толық мүмкіншілік тудырылды. Әр гектардан слу центнерден өнім алу нормаса айналдырылып, одан артық өнім алғандарға қосымша акы төлеу белгіленді.

Мұндай материалдық ынталандыру алғашкы жылдан-ак жүгері өсірумен айналысатын дикандарды тұрақтандырып, олардың өз шеберліктерін арттыруға құштарландырылды. Кейінгі жылдары егіс көлемі бұрынғыдан да өсе түскен кезде, жүгері өсіретін звеноларға егіншіні ірікten алу мәселесі де қындыққа түскен жок.

Колхоз жүгерішілері өткен бесжылдықтың соңғы жылында 600 гектар жерден 61 200 центнер жүгері өндірді. Бұл бұдан бұрынғы бесжылдық жылдарының орташа түсімімен өлшегендеге 2400 гектар жердің өнімі. Демек гектар басына алынатын түсім төрт еседей өсіл отыр.

Бұл жай тек Ленин атындағы колхозға ғана емес, аудан, облыс, тіпті республика шаруашылықтарына та-быстың үлкен ариасын ашкандай еді. Енді облыс шаруашылықтары бұл колхозға жүгері дақылын өсірудің тәжірибе мектебі ретінде қараса, ал жүгерішілер қауымы Ахмет Шамшадиновты ұстаз санады. Оның жүгері алқабын тәжірибе мектебіне айналдырыды. Жерді дайындағанда да, тұқым себерде де, өсімдікті балтау алдында да, суару басталар кезде де жүгерішілер осы звеноның жеріне жиналды. Қай жұмысты қалай атқару керектігін майталман дікан ісімен көрсетеді.

Бірақ, бұл білгір ұстаз сабактарының екінші кезеңі. Бірінші кезеңі қыста жүргізіледі. Ұстаздың көп сөзге жоқтығын ескеріп, оның сөзін, тәжірибесін мамандар жалғастырады. Шамшадинов звеносындағы жұмыс тәжірибесін зерттеген мамандар мен ғалымдар бұл тәжірибе жайында ариаулы плакат шығарды. Сол плакат колхоз жүгерішілерінің күнделікті басшылыққа алатын

кұралы болды. Барлығының жері де бірдей, жағдайы да бірдей. Демек, Шамшадинов звеносының тәжірибесі толық жүзеге асса, мол өнімге кепілдік жасалды дей бер. Енді звено тәжірибесіне қыскаша тоқталайык.

Оның звеносына ДТ-75, МТЗ-50, ДТ-20 тракторлары мен жер өндайтін техникалар бөлінген. Бұл техника қажет болғанда шаруашылықтың басқа жұмысына да пайдаланылады. Звенода жетекшіден басқа Баттал Сулаев, Идрис Алиев, Абдулла Лапаев, Мердо Китазе, Григорий Иванов сияқты механизаторлар мен сушылар бар.


Мол өнім үшін күрес күзде басталады. Алғашқы шарт — сапалы жыртылған зябь. Оның терендігі 25—27 сантиметр болуы тиіс. Эр гектарға 40 тоннадан жергілікті тыңайтқыш шашылады. Бұл әрине жыл сайын қайталана бермейді. Минералдық тыңайтқыштар бір гектарға 4 центнер есебімен түрлі кезеңде сікіріледі. Қыс кезінде егістікке кар тоқтатылады.

Жер өндеу жұмыстары ылғал тоқтату, арамшөппен күрес жұмыстарымен ұштастырыла жүргізіледі. Ерте көктемде топыраққа ылғал тоқтату мақсатымен жер ауыр тырмалармен тырмаланады.

Жүгері — кешірек егілетін дақыл. Топырақ қызыған кезде барып себіледі. Звено мүшелері бұл ерекшелікті арамшөппен күресуге тиімді пайдаланады. Тұқым сепкенше шыккан арамшөпті құрту үшін жер культивацияланады. Бұдан арамшөптің 50 проценттен астамы жоғылады.

Бірнеше жылдық тәжірибеле қарағанда жүгері тұқымын топырақ қызуы 10—12 градус жылдықка жеткенде ғана себудің тиімділігін көрсетіп отыр. Бұл мерзім апрель айының аяғы мен май айының басында болады. Соңмен бірге, тұқым себуді тым кешеуілдетпеу де керек. Онда топырақ ылғалы кеміп, тұқымның өнімділігі төмендейді.

Әдетте әр жердің өз ерекшелігі бар. Мәселен, Ленин



Ахмет звеноны жүгері себуде.

Атындағы колхоз орналасқан өңір Алатаудың етегінде. Алатаудың қары ыстық шілдеде де ерімейді. Кар ызғары білініп жатады. Таудан сокқан сар жел және бар. Жер ылғалы көлкө созылады. Топырак мұнда бірден қызбайды. Осы ауданның кейбір шаруашылықтары жүгері себуді Ленин атындағы колхозға қарағанда ерте бастайды. Ал, лениндіктер топырактың қызуын күтеді.

Звенода тұқымды шаршы үялап егу колданылады. Тұқым 8—10 сантиметр терендікке түсіріледі. Онымен бірге, әр гектарға 2 центнер есебімен нитрофос тыңайтышы беріледі. Тұқым себілгеннен кейін 5—6 күн өткеннен соң егістікке тырма жүргізіледі, ол жаңа өніл келе жатқан арамшөпті өлтіреді. Бұлай тырмалау жүгері шықканнан кейін де екі рет қайталанады. Мұндайда дақылдың өскіндеріне аздап закым келетіні де бар, бірақ ол кейін жетіліп кетеді.

Дақылды балтауда араларын өндеудің айрықша ма-

ңызы бар. Ол бір жағынан дақылдың түбін қосытып, оның тез бой алуына жағдай жасаса, екіншіден, арамшөпті жоюдың бірден-бір жолы. Мұнда культивациялауды дәл уақытында жүргізу қажет, арамшөп өсінкіреп кеткенде жүргізілетін культивацияның әсері онша болмайды. Гектарына екі центнерден үстеп коректендіру осы культивациялау кезінде жүзеге асырылады. Алғашқы культивациялау 12—14 сантиметр, екіншісі 10—12 сантиметр терендікте жүргізіліп, үшінші рет суару үшін жүйек тартылады.

Жүгеріні суару — ең жауапты жұмыстың бірі. Бұл шаруашылық жағдайында плантация төрт немесе бес рет суарылады. Алғашқы суару жүгерінің сабактану кезеңінде, екінші су шашақ салу, үшінші су — гүлдеу, дән салу кезінде, төртінші, бесінші су — дәннің сүттену кезеңінде беріледі. Алғашқы суаруда егінге тауық киыкоса жіберіледі. Суару кеңегі звено мүшелері үшін ең жауапты науқан. Мұнда олар әр сағат емес, минуттарды есепкес алады. Тәулік бойы суарады. Құндіз-тұні, сенбі, жексенбі деп белу жок. Әсіресе, тұнгі суға айрықша көңіл бөлінеді. Тұнгі кезде судың булануы аз, яғни су үнемді толығымен топыраққа сіңіп отырылады.

Бірнеше жылдай құрғақшылық болуына байланысты жазда егінді жеделдетіп суарады. Бұл кезде су жетіспей, үлкен қындық туатыны және бар. Сондыктан «ылғал үшін құрес — мол өнім үшін курс» деген ұран көтеріп, осы жолда колда бар мүмкіндіктер кеңінен пайдаланылады. Кыс бойы тынымсыз еңбек етіп, қар тоқтату егістікке су жайып, мұз қатырумен дайналысады. Ғылыми мекемелер жүргізген зерттеулер бойынша, қар тоқтату арқылы әр гектарда бір-бір жарым мың тонна ылғал корын жинауға болады екен.

Ерте көктемде жыртылған жерді жедел тырмалап, оған ылғал жабуды да Ахмет звеносы қысқа мерзімде аяктап жүр. Бұл кезде барлық агрегаттарды іске косып, жұмысты екі сменада жүргізеді. Егер жұмыс ұзакка

созылса әр гектардағы жиналған ылғалдың тәулік сайын 80 тоннасы буға айналып үшіп кетеді. Соңдықтан то-пиректа ылғалдың мол жинақталуы үшін айдалған ал-қапты екі қайтара тырмалау керек. Ерте көктемде су корының мол болатыны белгілі. Соны пайдаланып, екпе шабындықтарды, бау-бакты ертерек қандыра суарып алады. Кеш егілетін дақылдар орналастырылатын жерлерді суару да қатарластырыла жүргізіледі. Бұл — су коры күрт азайған кезде онша киындық көрмеуге жақсы әсерін тигізеді.

Аудын шаруашылығы дақылдарының қаулап шығып, бойлап өсуі үшін құнарлы коректің жеткілікті корын жасау ісі күзгі дала жұмыстары аяқталысымен-ақ басталады. Эр звено, бригада өздеріне бекітіліп берілген алқаптарға көң тасып төгу ісімен көктемдегі еріс жұмыстары басталғанша шұғылданады. Өзгелерден бір ерекшелігі сол, көнді үлкен етіп үйіп, ортасына әк тастан, ішіндегі шөп-шаламның әбден шіруіне жағдай жасайды. Көнді көл мөлшерде дайындау колхозда жақсы жолға койылған. Бірак соның өзінде жетінкіремейді. Өйткені, тонырағының құнары төмен участкердің гектарына 40—50 тоннадан көң тасып төгу қажет. Осы киындықтан шығу үшін көң кордасын жасауды өндіріске кеңінен енгізген. Соның нәтижесінде егістікке құнарлы коректің мол коры осылай жасалынады.

Жүгерішілер егістікке тұқым сеппестен бұрын, то-пиректы алдын ала өндел, кесегін әбден ұсатады, тасын тереді. Жерді тақтайдай етіп тегістейді. Оған тұқымды шаршы үялы әдіспен себеді. Егістіктің тегіс болуы тұ-қымның біркелкі терендікке түсугіне, жер бетіне бірдей болып шығуына әсер етеді. Осының үстіне ол егісті суаруға да жеңіл. Ал, жер ойлы-қырлы болса, ойпаңға су үймелеп қалады да өсімдікті шірітіп жібереді, ал дәңестеу жерге су шыклайды, ондай жердегі егін шө-ліркеп, қурап кетеді.

Тұқым жер бетіне өніп шыққанда егістікке екі рет

тырма жүргізіл, топырактың беткі қабатының кабыршактанып қатып қалмауына жағдай жасалады. Бұл тұкымның жедел еніп, жылдам қаулап шығуын қамтамасыз етеді. Содан соң ұзынынан және көлденеңінен екі дүркін тағы тырма жүргізіл, топырактың копсып жатуын жүзеге асырады. Мұның арамшепті жоюға да көмегі бар. Арам шепті жоюда гербицидтердің, әсіресе амин тұзын тиімді пайдаланудың пайдасы да нәтижелі. Өсімдіктерді сиретіл араларының тиісті қашыктықта болуын жүзеге асырған соң картограммада көрсетілген мөлшерде миңералдық тыңайтқыш енгізіл, үстеп коректендіру жүргізіледі. Содан соң ізінше суарып, топырактағы ылғалдың буға айналып, ысырапқа ұшырамасы үшін дерекатарааралығына күltivator жүргізіледі. Әйтпеген жағдайда топырак тығыздалып қатып қалады да өсімдіктің бойлап өсуін баяулатады. Осы тәсіл бұдан кейін де бірнеше рет қайталанады. Екінші рет суарған кезде топырак алдын ала және копсытылады. Сөйтіп, бороздалардың бойымен судың баяу ағып, жерге терең сінуіне колайлыш жағдайы жасалады.

Егістікті суару үшін бороздалы арықшалар кеңінен колданылады. Эр борозданың бас жағына құбырлар орнатылып, оны су ағызып әкетпес үшін жерден арнаулы ойылған шыммен бастырып тастайды. Суарылып болғаннан кейін құбырлар орны сондай шыммен бітеледі. Ал, су жіберу кажет болса, қойылған шым алынып, қасына қоя салынады. Эрбір жиырма шакты борозданың алдынан жасалған астаушаларға су жіберіледі. Оған құйылған су бороздалардың басына орнатылған құбырларды бойлап баяу аға бастайды. Бұл біріншіден, су ысырабын болғызбайды, екіншіден, топыракка терең сіңеді. Егіншілер арасында «күндіз суарсан — бу, тұнде суарсан — су» деген накыл бар. Шынында күн шыжып түрған ыстықта суарған жағдайда оның бір белгінің буға айналып, ысырапқа ұшырайтындығы рас. Бұған жол бермес үшін егінді негізінен тұнде және ертеңгі.

кешкі салқында суаруға баса назар аударылады. Эр гектарға бір тоннадан күс киы келетіндегі есеппен оны суға езіп, ағызып беруді кейінгі жылдары колдануда. Оның тиімді екеніне өмір тәжірибесі көзді айқын жеткізді. Жұгері бір метрдей болып өскенше қатарапалығы қосытылып отырылады. Екінші рет қосыту кезінде әр гектарға біржарым — екі центнерден мочевина енгізіледі.

Жұгеріден мол өнім алу оның жиілігіне де тығыз байланысты. Тым жіңі nemese өте сирек болуы тиімсіз. Эр гектарда орта есеппен 50—55 мың түп жұгері өскінің болғаны жөн. Сиреткен кезде әр үяда үш өсімдік калдырылады. Арасы егер тым сирек жерлері болса кайта сеулі отырғызылады.

Халық нақылымда «не ексең, соны орасың», «жаман тұқымнан жаксы өнім күтпе» деп бекер айттылаған. Мұның дұрыстығын өмір лабораториясы — тәжірибе сан рет айқын көрсетіп берді емес пе. КПСС XXV съезінے жасаған Есепті баяндамасында КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Л. И. Брежнев жолдас селекция мен тұқым шаруашылығын өркендетеүе ерекше тоқталды. «Мамандардың бағалауы бойынша,— деді Л. И. Брежнев жолдас,— бүгінгі күн талабына сай жаксы үйымдастырылған тұқым шаруашылығы егіннің шығымдылығын кем дегенде 20 процент арттыра алады. Ал мұның өзі — қосымша ондаған миллион тонна астық және басқа да ауыл шаруашылық өнімдері».

Кейінгі жылдары бүкіл егіс көлеміне жұгерінің мол өнімді «Югославский» сортты тұқымын егуде. Оның төккен терді зия кетірмейтініне көз айқын жеткен. Бұрын дәндік жұгерінің басқа сорттарын да егіп көрген болатын. Бірақ солардың ешқайсысы мұншалықты мол өнім беріп көрген емес.

«Дала аруын» бітік өсірумен іс бітпейді. Ол иғі істің басы ғана. Ең негізгісі — еңбеклен өсірген бітік егінді дер кезінде төкпей-шашпай жинап алу. Бұл күш-мұм-



Звено мүшелері жүгерінің әрбір онкүндік сайын қашалықты биіктел өскенін аныктап жатқан сәті.

байн, собық пен көк балаусаны тасуға 130 автомашина, 70 трактор тіркесі қатысады. Собық тазалауға, оны автоматикаларға тиеп қабылдау пунктіне жөнелтіп отыруға жеті жүзден астам адам қатыстырылады. Жүгері жинау мезгіліндегі күзгі кезеңде жауын-шашиның жиленетін белгілі. Әрбір ашық күнді мейлінше тиімді пайдаланып, жиын-терінді белгілеңген мерзімнен бұрын табысты аяқтау үшін жарыс толастамайды.

Істің ығын, шаруаның тілін білген адамның еңбегі әркашан жемісті. Бұған барад жол еңбекке ынталандыру

кіндікті мейлінше тиімді пайдалануды талап стетінде. Жиын-терін кезінде колхоз баскармасы мен партия, көсіподак, комсо-мол үйымдары тығыз ынтымактаса отырын, селопың барлық еңбеккерлерін және қаладан көмекке келгендерді жалпы шабытты жігермен еңбек етуге жұмылдыра біледі. Олардың өнімді де тиімді еңбек етулеріне мәдени-тұрмыстық, өндірістік жағдайлар жасау арқылы әрбір күнді, тіпті әрбір сағатты үтімді пайдалануға күш салады-ак. Осы іске қатысушылар арасында жүргізілген еңбек үйымдастыру, бұкараалық-саяси жұмыстар жиын-терінді табысты аяқтауға мүмкіндік береді. Жүгері жинауға жыл сайын 45 комбайн, собық пен көк балаусаны тасуға 130 автомашина, 70 трактор тіркесі қатысады. Собық тазалауға, оны автоматикаларға тиеп қабылдау пунктіне жөнелтіп отыруға жеті жүзден астам адам қатыстырылады. Жүгері жинау мезгіліндегі күзгі кезеңде жауын-шашиның жиленетін белгілі. Әрбір ашық күнді мейлінше тиімді пайдаланып, жиын-терінді белгілеңген мерзімнен бұрын табысты аяқтау үшін жарыс толастамайды.

Істің ығын, шаруаның тілін білген адамның еңбегі әркашан жемісті. Бұған барад жол еңбекке ынталандыру

шараларының дұрыс колданылуы. Звенолар үйымдастырылғаннан кейін колхоз олармен келісім шарт жасасады. Онда егіс көлемі, дақылды сепкеннен бастап жинап алғанга дейінгі атқарылатын жұмыстар сарапанып көрсетіледі. Бұларға жұмсалатын енбек пен басқа да шығындар есептелінеді. Эр гектардан және барлық көлемнен алынатын жоспарлы өнім ақшаға шағып көрсетіледі. Жоспардан тыс канша өнім алса, неше сом көтерме сыйлық ақы берілетіні де белгілі. Мысалға Ахмет Шамшадинов басқаратын звеноның жасалған келісім-шартты келтірейік.

Звеноның алғашқы немесе соңғы жылдағы көрсеткіші емес, жүгері өсірудегі уакыттың ішіндегі ең орташа кезеңін 1977 жыл деп алып көрелік. Звеноға жұз гектар жер бекітіліп берілді делік. Оның эр гектарынан 45 центнерден, ал барлық көлемнен 4500 центнер астық алу жоспарланды дейік. Сонда эр центнері үшін 1 сом 34 тиыннан енбек ақы төленеді. 1977 жылы звено колективі гектар сайын 127 центнерден, ал барлық жерден 12705 центнер жүгері дәнін жинады. Демек, жоспардан тыс 8205 центнер астық алды. Келісім шартта көрсетілгендей жоспардан тыс өндірілген өнімнің центнеріне 3 сом 77 тиыннан, барлығы 30 мың 932 сом берілді. Бұл нактылы тапқан енбек ақысының әрбір сомына шаққанда 2 сом 16 тиыннан көтерме сыйлық ақы алды деген сөз. Колхоз бойынша жүгерішілерге жыл аяғында жоспардан тыс өндірілген өнім үшін 112.633 сом ақша берілді. Бұл орта есеппен Ахмет Шамшадиновтың өзі ай сайын 527 сомнан алып отырды деген сөз. Жоспардан тыс өндірілген өнім үшін оның жеке өзіне 4 мың сом, звено мүшелерінің әрқайсыына үш жарым мың сомнан қосымша көтерме сыйлық ақы және берілді. Енбек ақы төлеудің бұл тәсілі колхозға да, жүгерішілерге де тиімді болып шықты. Колхозшылардың «дала аруын» өсіруге ынтасы арты. Осы салада енбек етуге тілек білдірушілер көбейді. Сондыктан жүгері өсіретін звенолар құрамы со-

лардан іріктелінің алынады. Олармен коян-қолтық жұмыс істейтін звено жетекшілері гой. Сондықтан звено құрамын іріктен, толықтыруда звено жетекшілерінің пікірімен са-насады.

1977 жылы «дала аруын» өсіруде ерекше көзге түскен еңбек өрендеріне колхоз басқармасы мәжілісінің жәнс халық депутаттары аудандық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша сұшы Ээзіз Алиевке, тракторшы Алексей Федорович Контемировке, сұшы Абдул Лопаевке, звено жетекшісі Камал Айазовке «Москвич», ал тракторшылар Сергей Андреевич Технерядов пен Василий Ильич Чернышевке «Жигули» женіл автомашинасын сатып алуға қамқорлық көрсетілді. Ахметке бұрын «Москвич» автомашинасы сыйға тартылған болатын. Казір жүгерішілердің барлығында да бір-бір женіл автомашинасы бар.

Жүгерішілер арасында социалистік жарыс осындай ынталандыру арқылы жыл сайын өрістей түсті. Жүгеріні еккеннен бастап, оны жинауға кіріскеңше жарыс корытындысы жыл сайын үш реттен шығарылады. Бірінші рет дақылды дер кезінде егіп біткеннен кейін, қалғандары күтіп-баптау, суару кездерінде, жыл корытындысында тексеріледі. Осы үш ретте де Ахмет басқаратын звено бірінші дәрежелі ақшалай сыйлыкты женіп алды. Жарыс корытындысын шығарғанда дақылдың өсу жардайы, биіктігі, жиілігі, суарылу сапасы, арамшөп тазалығы, уактылы үстеп қоректендірілуі ерекше ескеріліп отырылады. Бұл түрғыдағы талап жыл сайын артып келеді.

Ауыспалы қызыл вымпельдерді, ақшалай сыйлыктарды салтанатты жағдайда тапсыру әдетке айналған. Барлық жүгерішілер бас қосқан жиын өткізіліп, көпшілік алдында аса құрметтеп тапсырылады. Қалың көпшілік алдында жарыс жүлдегерінің құрметіне қызыл жалау көтеріледі, үй-іштеріне, әріптес коллективтеріне күттүктау хат жіберіледі. Аудандық «Еңбек жалыны» газеті жүгерішілердің енбектегі қол жеткен табистарын баян-

лап, басқаларға үлгі-өнеге есебінде кеңінен хабарлап отырады. Күн сайын бюлдегендер шығарылып, бригадаларға, звеноларға таратылып, көрнекті жерлерге ілінеді де. Жүгерішілерді материалдық жағынан ынталандыру моральдық колдау жасап отыру, олардың шабытты жігермен еңбек етулеріне осылай әсер етті.

Жүгерішілерді жылдың төрт мезгілінде де жұмысқа ынталандырып отыру жағы әсте назардан тыс қалған емес. Олар жиын-терінді күзде бітірсе де жер анадан көз жазбайды. Жұмыс бітті деп арқаны кеңге салушылық жок. Келер жылдың өнімі үшін негіз қалау қолға алынады. Жүгерішілер арасындағы еңбек қарқыны, өзара жарысы осылай толассыз бір-бірімен ұштаса жүруде. Бұл колхоз жүгерішілеріне қалыптасып кеткен әдет.

Колхозда жүгерішілер арасындағы социалистік жарыска айырыкша мән беріледі. Эр звеноның егіс алқабында көрсеткіштері жазылған тақталар бар. Онда звено мүшелерінің межесі, кіммен жарысатыны, олардың гектары жазылған. Оナン кейінгі тақтада науқанды жұмыстарды кімнің қалай орындастыны түсіндірлген.

Жаз бойы жүгерішілер өз алқабына келгенде алдымен осы жазуларды көреді. Жарыстан әріптестерінің жайы қалай екені де оның көз алдында. Қасында болмаса да әр жүгеріші олардың қатарында түрғандай сезінетін. Кейде бір-бірінің жерлерін көріп, көзге түскен кемшіліктерін де айтысты.

Қауырт жаздан кейін күткен күз де жетеді. Колхоздағы әр жүгеріші егіннің соңғы сабагы орылғанша бел жазған жок. Ел болып тойлаған — Ұлы Октябрьдің 60 жылдық мерекесінің салтанатына колхоз жүгерішілері мандай термен өсірілген алтын дәндерін қамбаға құйып болып, тартумен барған еді. Мерейлі мерекені үлкен табыспен карсы алды. Колхоз бойынша 1977 жылы 2100 гектар жүгері алқабының әр гектарынан 110,3 центнерден дән жиналды. Сол салтанат үстінде санлактардың да аты күрметпен аталды.